

ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШІ ОРГАНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Тілге құрмет – елге құрмет!



2023 жылдың 2 тоқсанына арналған «Жітіқара ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ КЕСТЕСІ

ГРАФИК ПРИЕМА ГРАЖДАН

руководителем ГУ «Отдел строительства, архитектуры и градостроительства акимата Житикаринского района» на 2 квартал 2023 года

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдайтын тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты	Азаматтарды қабылдайтын тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік орналасқан жері	Байланыс телефоны
Наименование государственного органа	Ф.И.О. лица, проводящего прием граждан	Должность лица, проводящего прием граждан	Дата и время приема граждан	Местонахождение государственного органа	Контактный телефон
«Жітіқара ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ «Отдел строительства, архитектуры и градостроительства акимата Житикаринского района»	Хахимов Асылхан Булатович	Басшыны	Сейсенбі/ вторник сағат 9.00–ден 13.00–ге дейін. с 9.00 до 13.00 Бейсенбі/ четверг сағат 14.30–ден 18.30–ге дейін. с 14.30 до 18.30 Сәуір/Апрель 4, 11, 18, 25 6, 13, 20, 27 Мамыр/Май 2, 16, 23, 30 4, 11, 18, 25 Маусым/Июнь 6, 13, 20, 27 1, 8, 15, 22, 29	Жітіқара қ. И. Ищанов к-сі, 13	4-90-46
	Хахимов Асылхан Булатович	Руководитель		г. Житикара ул. И. Ищанова, 13	4-90-46

ҚАБЫЛДАУ ЕКІ ТІЛДЕ ЖҮРГІЗІЛЕДІ.
ПРИЕМ ВЕДЕТСЯ НА ДВУХ ЯЗЫКАХ.

ЗАГС-инфо

*С 27 марта по 2 апреля в Житикаре зарегистрировали брак четыре пары, из них половина торжественно. Самой молодой невесте – 19 лет, молодому жениху – 21 год. Возрастной невесте – 49

лет, возрастному жениху – 49 лет.

*Развелась одна пара по совместному заявлению супругов. Бывшей супруге – 20 лет, бывшему супругу – 31 год.

*Зарегистрировано рождение пяти малышей: двух мальчиков (Тимофей, Арсен) и трех девочек (Инжу, Жасмин,

Алина). Самой молодой маме – 20 лет, молодому папе – 21 год, зрелой маме – 43 года, столько же отцу.

*Умерло на прошлой неделе одиннадцать человек: шесть мужчин в возрасте от 43 до 85 лет и пять женщин в возрасте от 49 до 104 лет.

Мемлекеттік тілдің қолданысы аясын кеңейту, қазақ тілінің этносаралық қарым-қатынас тілі ретіндегі қызметін нығайту, мемлекеттік тілді меңгерген мектептегі белсенді өзге ұлт өкілдерін анықтау мақсатында Жітіқара ауданының білім беру ұйымдары арасында «Мен қазақша сөйлеймін!» акциясы өткізілді. Талап бойынша акцияға қатысушылар Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдық мерейтойы аясында шығармаларынан үзіндіні мәнерлеп жатқа айтып әлеуметтік желіде жариялауы тиіс болды. Акцияға аудан мектептерінен 21 оқушы қатысты. Қатысушылар жас ерекшелігіне қарай екі топқа бөлінді. Орыс, татар, неміс, белорус, украин этносы өкілдері көптеп қатысқаны айта кеткен жөн. Соның ішінде Абай атындағы мектеп лицейінің оқушылары қатысуы жағынан айрықша белсенділік танытты. Өзге ұлт өкілдерінің сөз маржанын мәнерлеп оқығаны әрине, шәкірттерін үкілеп қосқан ұстаздардың еңбегі.

Бастауыш сынып оқушылары арасында орындар төмендегідей орналасты:

1 орын-Маевский Егор, Абай ат. мектеп лицейінің 2 сынып оқушысы (жетекшісі Қаламбаева Анар Хабдылжауатқызы);

2 орын-Ходзинский Далиан, Абай ат. мектеп лицейінің 3 сынып оқушысы (жетекшісі Қожахметова Әлия Қадырханқызы);

3 орын- Франк София, №10 жалпы білім беретін мектептің 5

сынып оқушысы (жетекшісі Урунбаева Зайра Темірболатқызы).

Жоғары сыныптар арасында:
1 орын-Зинченко Полина, Абай ат. мектеп лицейінің 10 сынып оқушысы (жетекшісі Аишева Кенжегүл Жақсылыққызы);

2 орын- Трункова Дарья, Абай ат. мектеп лицейінің 8 сынып оқушысы (жетекшісі Ибрашева Нұрсұлу Сапабекқызы);

3 орын- Сушко Вероника, №12 жалпы білім беретін мектептің 8 сынып оқушысы (жетекшісі Бектепбергенова Динара Болатбекқызы).

Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерін жатқа мәнерлеп оқып, шеберлік көрсеткен үздік қатысушылар Жітіқара ауданы білім бөлімінің мадақтамаларымен марапатталды.

Осы сәтті пайдалана отыра, балаларын байқауларға қатыстыру арқылы қазақ тілін насихаттауға үлестерін қосып жүрген ата-аналарға да алғысымызды білдіреміз.

Қазіргі таңда қаншама ұлт өкілдері бір шаңырақ астында бақытты, бейбіт ғұмыр кешіп келеді. Қазақтың дархан даласын мекендеген кез келген ұлт өкілі өз ана тілімен қатар, туған елінің мемлекеттік тілін қадірлеп, құрметтегені дұрыс.

«Көп тіл білсең, көкжиегің кең болар,

Құрметтейді кісі екен деп төрге озар», - демекші бір емес бірнеше тіл үйренгеннің жолы әрдайым ашық болары сөзсіз. Ендеше, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге баршамыз атсалысайық!

Мүгедектігі бар адамдар үшін кедергісіз орта құру



2005 жылғы 13 сәуірдегі N 39 «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабына сәйкес:

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар, сондай-ақ заңды тұлғалар мүгедектігі бар адамдарға ортақ пайдаланылатын көлік құралдарына, тұрғын үйлерге, қоғамдық және өндірістік үйлерге, ғимараттар мен үй-жайларға кедергісіз кіріп-шығуына, әуежайларда, темір жол вокзалдарында, автовокзалдарда, автостанцияларда, теңіз және өзен порттарында еркін бағдар ұстануы мен жүріп-тұруына ұлттық стандарттарға сәйкес жағдай жасауға міндетті.

2014 жылдан бастап Жітіқара ауданында ғимараттарды мүгедектігі бар адамдардың қажеттіліктеріне бейімдеу бойынша жұмыстар жүргізілуде, пандустар, көтергіштер, шақыру түймесі, баспалдақтағы тұтқалар, Брайль бойынша белгілер, тактильді белгілер және т.б. орнатылуда.

2012 сәйкес келтіру қажет. Егер бейімделу іс-шаралары мүгедектігі бар адамдардың барлық санаттары үшін, яғни көру, есту, тірек-қимыл аппараты және кресло-арбалар бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін жүргізілген жағдайда, объект толығымен қолжетімді болып саналатынына ерекше назар аудару қажет.

Лауазымды адамдардың, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалардың және заңды тұлғалардың мүгедектігі бар адамдардың әлеуметтік инфрақұрылымға және көлік инфрақұрылымына кедергісіз қол жеткізуі үшін жағдайларды қамтамасыз етпеуі 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 83-бабына сәйкес әкімшілік жауаптылыққа тартуға әкеп соғады, лауазымды адамдарға – 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – 120 АЕК мөлшерінде, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 200 АЕК мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 400 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді. Баптың санкциялары заң нормаларын қайта бұзуға да қолданылады.

Барлық сұрақтар бойынша Д. Асымбаев көшесі, 51, №38 кабинет немесе 22003 телефоны бойынша хабарласуға болады.